

## Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 42 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 наурызда N 3155 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-1-тармағы 6-2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына **жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң **қолданысқа енгізіледі.**

*Солтүстік Қазақстан облысының Е. Сұлтанов  
әкімі*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 42 қаулысымен бекітілген

## Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары

### 1. Жалпы ережелер

1. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыйыптау тәртібі мен шарттары (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына **сәйкес** **әзірленген.**

2. Осы Тәртіpte мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыштар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер участкелері (көлік жерлері) және

олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі;

2) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды.

## 2. Сыныптау тәртібі және шарттары

3. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне автомобиль жолын енгізуі келісуге материалдар жіберуге міндетті.

5. Жіберілетін материалдар мыналарды қамтиды: автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылданғанын растайтын құжаттарды; Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес сөulet-құрылыш бақылау туралы заңнамада белгіленген немесе мүлікті қабылдау-тапсыру акті тәртібінде салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы акті нысанында;

автомобиль жолының атауы мен индексі;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті орган бекіткен облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі.

6. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды. Автомобиль жолын кейіннен облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқару органына жазбаша келісім жіберіледі.

Автомобиль жолын облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға келісуге материалдар толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынылған жағдайда барлық кемшіліктерді жою үшін өтінішті қайтадан .

7. Осы Тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының  
қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК